

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы
білім бөлімінің №32 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі
Әдістемелік кеңестің № 1 хаттамасы**

Күні: 29.08.2025ж.

Н.М. Сулекина - әдістемелік кеңес төрайымы

Қатысқандар: әдістемелік кеңес мүшелері

Күн тәртібінде

1.2025-2026 оқу жылындағы нұсқау хаттағы өзгерістермен танысу

Білім беру ұйымы директорының ҒӘЖЖ орынбасары

2. Кәсіби құлдыраудың алдын алу және өсуге бағытталған педагогикалық қолдау тетіктері

Жантанушы Кентаева Г.Ж.

3. Мектептегі оқыту мен тәрбиенің тұтастығы: «Адал азамат»

құндылықтарын пән сабақтарына кіріктіру

Білім беру ұйымы директорының ҒӘЖЖ орынбасары Ибраева Н.К.

4. Жасанды интеллект – оқытудағы жаңа мүмкіндіктер көзі

Білім беру ұйымы директорының АКТ орынбасары А.Г.Сатпаев

5. Дарындылық феномені: анықтау, дамыту және педагогикалық қолдау тетіктері

Кәсіби бағдар беруші А.А.Медебаева

Тыңдалды: 2025-2026 оқу жылындағы нұсқау хаттағы өзгерістермен танысу

Сөз алды: Білім беру ұйымы директорының ҒӘЖЖ орынбасары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында негізгі орта білім беруде академиялық білімге, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға, пәндік дағдылар мен құзыреттерді дамытуға, STEM-тәсілі негізінде оқытуға, тәрбиелік компонентті күшейтуге және инклюзивті орта қалыптастыруға баса назар аударылатын болады. Жалпы орта білім беру деңгейінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді зерделеуге және білім алушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Алдағы оқу жылында үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс атқару өзекті міндет болады. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда - 33 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды. 2025 жылғы 2-қыркүйек алғашқы оқу күні, оқудың аяқталуы - 2025 жылғы 23 мамыр.

• Тілдерді кезең-кезеңмен оқыту шеңберінде 3-сыныпта «Шетел тілі» пәнін оқыту енгізіледі

- «Көркем еңбек» пәнін кезең-кезеңмен «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» пәндеріне бөліп оқыту 3-сыныпта жалғасады, 4-сыныпта «Көркем еңбек» пәні оқытылады
 - «ДосболLIKE» бағдарламасын және «Менің бауырым» волонтерлік жобасын іске асыру шеңберінде мектепте салауатты және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бойынша жұмыстар жалғасады
 - Ауылдық тірек және шағын жинақты мектептерінде жекелеген пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдері енгізіледі.
- 2024 жылдан бастап «Цифрлық ұстаз» жобасын іске асыру шеңберінде тұрмысы төмен отбасылардан шыққан білім алушылармен жұмыс белсендіріледі
- 2025 жылдан бастап педагогтерді аттестаттаудың жаңа форматы енгізілді
 - «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» кадр резервінің республикалық базасын қалыптастыру бойынша жұмыс жалғасады
 - Цифрлы технологияларды пайдаланып шағын жинақты ауыл мектептерінің әлеуетін дамытуға бағытталған пилоттық жобалар масштабталады.
 - Мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы бойынша жұмыстар күшейтіледі
- Оқыту мен бағалауда жасанды интеллектіні қолдану аясы кеңейтіледі.
- «Жер елшілері» креативті жастардың Бүкілқазақстандық экологиялық қозғалысы» жобасы шеңберінде білім алушыларға экологиялық білім беру жүзеге асырылады

Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілері:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚРБЖҒ министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (ҚР Оқуағарту министрінің 12.08.2022 ж. №365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістермен) бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Шешімі: ӘНХ көрсетілген жаңа бастамала оқу-тәрбие жұмысы кезінде көрініс сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары мен күнделікті сабақ жоспарларында көрініс тапсын.

Жауапты: пән мұғалімдері **мерзімі:** жыл бойы

Тыңдалды: Кәсіби құлдыраудың алдын алу және өсуге бағытталған педагогикалық қолдау тетіктері

Сөз алды: Жантанушы Кентаева Г.Ж

Кәсіби құлдыраудың алдын алу және өсуге бағытталған педагогикалық қолдау тетіктері

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде мұғалімнің кәсіби әл-ауқаты мен эмоционалды тұрақтылығы — сапалы білім берудің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып отыр. Себебі педагогтың ішкі күйі мен кәсіби ынтасы тікелей оның жұмыс нәтижесіне, оқушылармен қарым-қатынасына және шығармашылық белсенділігіне әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, кәсіби құлдыраудың алдын алу мен өсуге бағытталған қолдау жүйесін құру — мектептің әдістемелік жұмысының басты бағыты болуы тиіс.

Кәсіби құлдырау (эмоционалды шаршау, мотивацияның төмендеуі, жұмысқа селқостық) көбіне үздіксіз психологиялық қысым, жоғары жауапкершілік, қоғам мен ата-аналардың үмітін ақтауға тырысу сияқты факторлардан туындайды. Мұндай жағдайда мұғалімнің эмоционалды ресурсы сарқылып, кәсіби қызығушылығы әлсірейді, шығармашылық белсенділігі төмендейді.

Осы үдерісті болдырмаудың ең тиімді жолы – педагогикалық қолдау мен ұжымдық ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Қолдау дегеніміз – мұғалімге тек кеңес беру ғана емес, оның кәсіби, эмоционалды және тұлғалық өсуіне жағдай жасау.

Біріншіден, мектеп әкімшілігі тарапынан моральдық және ұйымдастырушылық қолдау маңызды. Мұғалім өз еңбегінің бағаланатынын сезінгенде ғана ол ішкі мотивациясын жоғалтпайды. Бұл ретте ашық пікірталас алаңдары, әдістемелік кеңестер, тәжірибе алмасу семинарлары, марапаттау жүйелері үлкен рөл атқарады.

Екіншіден, ұжымдық өзара әрекет пен коучинг мәдениеті – кәсіби құлдыраудың тиімді профилактикасы. Бір-бірінің сабағына қатысып, тәжірибе алмасу, кәсіби қауымдастықтарда бірлесе талдау жүргізу – мұғалімнің өзін жаңадан тануына, жаңа әдіс-тәсілдерді үйренуіне жол ашады. Мұндай ортада әр педагог өзін қолдауға лайық маман ретінде сезінеді.

Үшіншіден, өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру аса маңызды. Мұғалім үнемі ізденісте болып, жаңа бағыттарды зерттеу арқылы кәсіби өсуге ынталанады. Курстар, вебинарлар, шығармашылық жобалар мен кәсіби байқаулар – бұл да ішкі жанарудың тетіктері. Сонымен қатар, мұғалімнің жеке өмірі мен жұмыс тепе-теңдігін сақтау да кәсіби шаршаудың алдын алады.

Төртіншіден, психологиялық қолдау қызметін күшейту қажет. Психологтар мен менторлар мұғалімдердің эмоционалды күйін бақылап, қажет болған жағдайда тренингтер, релаксациялық жаттығулар ұйымдастыра алады. Бұл педагогтың өз сезімін басқаруға және күйзеліс жағдайынан тез шығуға көмектеседі.

Қорытындылай келе, кәсіби құлдыраудың алдын алу – жеке мұғалімнің емес, бүкіл мектеп ұжымының ортақ ісі. Мұғалімге сенім артып, оның дамуына жағдай жасау – сапалы білім мен тұрақты кәсіби өсудің кепілі. Өсуге

бағытталған педагогикалық қолдау жүйесі мұғалімнің кәсіби әлеуетін толық ашуға, оның өз ісіне деген сүйіспеншілігін сақтауға мүмкіндік береді.

Нағыз педагог ешқашан тоқтамайды. Ол үнемі ізденісте, дамуда, жаңалыққа ұмтылыста болады. Ал мектеп осындай үздіксіз даму мәдениетін қалыптастырған жағдайда ғана кәсіби құлдырау емес, кәсіби өрлеу дәстүрге айналады.

Шешімі: кәсіби өсу үшін мұғалімнің психологиялық қолдауын ұйымдастыру

Жауапты: Жантанаушы

Мерзімі: жыл бойы

Тыңдалды: Мектептегі оқыту мен тәрбиенің тұтастығы: «Адал азамат» құндылықтарын пән сабақтарына кіріктіру

Сөз алды: Білім беру ұйымы директорының ҒӘЖЖ орынбасары Ибраева Н.К.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушыны тек біліммен қаруландыру емес, оны рухани бай, елжанды, адал азамат ретінде қалыптастыру. Сондықтан тәрбие мен оқытуды біртұтас үдеріс ретінде қарастырып, сабақ барысында оқушылардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру маңызды.

Бүгінде «Адал азамат» тұжырымдамасында алты негізгі құндылық айқындалған: **адалдық, әділдік, сенім, жауапкершілік, патриотизм және парасаттылық.** Бұл құндылықтар – тұлғаның мінез-құлқын, шешім қабылдау қабілетін және қоғаммен қарым-қатынас мәдениетін айқындайтын басты бағдар.

Осы құндылықтарды оқыту үдерісіне кіріктірудің ең тиімді жолы – **қысқа мерзімді сабақ жоспарлары арқылы тәрбиелік мазмұнды жүйелі енгізу.** Әр сабақ тек пәндік білім берумен шектелмей, өмірлік ұстаным қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Мысалы,

- **Адалдық** құндылығын дамыту үшін оқушыларға шынайы пікір айту, өз еңбегін бағалау, академиялық адалдық ережелерін сақтау тапсырмалары беріледі.
- **Әділдік** ұстанымы топтық жұмыстарда, бағалау кезінде, пікірталас тапсырмаларында көрініс табады. Мұғалім әділ шешім қабылдауға үйрету арқылы оқушылардың әлеуметтік әділеттілік сезімін қалыптастырады.
- **Сенім** – мұғалім мен оқушы арасындағы серіктестік қарым-қатынастың негізі. Оқушының өз пікірін еркін айтуына мүмкіндік беру, топ ішінде өзара сенімді орта құру – осы құндылықты дамытады.
- **Жауапкершілік** – үй тапсырмасын орындау ғана емес, өз сөзі мен ісіне, уақытына, тәртібіне жауап беру мәдениетін қалыптастыру.

- **Патриотизм** – туған жер мен елге сүйіспеншілікті пән мазмұнына сай мысалдармен көрсету. Тарих, әдебиет, география сабақтарында ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы жүзеге асады.
- **Парасаттылық** – оқушыны сабырлы, байсалды ойлауға, мәдениетті қарым-қатынас жасауға баулиды.

Қысқа мерзімді жоспардың «Құндылықтарға баулу» бағанында осы қасиеттер сабақ мақсаттарымен үйлестірілуі қажет. Мысалы, ғылыми, тілдік немесе шығармашылық тапсырмалар орындау барысында оқушылар тек білім алмай, сонымен бірге осы құндылықтарды тәжірибе арқылы бойына сіңіреді. Мұғалім әр сабағын жоспарлау кезінде “Мен бұл сабақта қандай құндылықты дамытамын?” деген сұраққа жауап издесе, онда әрбір оқу іс-әрекеті тәрбиелік сипатқа ие болады.

Қорыта айтқанда, **құндылыққа негізделген білім беру** – тұлғаның жан-жақты дамуының кепілі. Адал азаматтың алты қасиетін сабақ арқылы кіріктіре отырып, біз өз ісімізбен, қарым-қатынасымызбен және көзқарасымызбен оқушыларға үлгі боламыз. Мектептегі әрбір сабақ – болашақ азаматтың мінезін қалыптастыратын тәрбие мектебі. Ал адалдық пен парасатқа баулу – сол тәрбиенің ең биік шыңы.

Шешімі. Әр пән мұғалімі ҚМЖ “Адал азамат” бағдарламасының 6 құндылығын сабаққа кіріктірсін.

Жауапты: пән мұғалімдері

Мерзімі: жыл бойы

Тындалды: Дарындылық феномені: анықтау, дамыту және педагогикалық қолдау тетіктері

Сөзге шықты: Кәсіби бағдар беруші А.А.Медебаева

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – дарынды және қабілетті оқушыларды анықтап, олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып дамыту. Дарындылық – табиғи қабілет пен табандылықтың үйлесімінен туындайтын ерекше қасиет. Мұғалімнің басты міндеті – сол қабілетті дер кезінде байқап, оны мақсатты бағытта дамыта білу.

Дарынды оқушыны анықтау бір ғана тест немесе олимпиадалық нәтиже арқылы жүзеге аспайды. Бұл – ұзақ бақылауды, кешенді талдауды және жүйелі қолдауды қажет ететін үдеріс.

Дарынды оқушыны сипаттайтын негізгі көрсеткіштерге мыналар жатады:

- **Интеллектуалдық белсенділік:** жаңа ақпаратты тез қабылдау, логикалық және сыни ойлау қабілетінің жоғары болуы.
- **Шығармашылық қабілет:** стандарттан тыс ойлау, ерекше идеялар ұсыну, өз бетінше шешім табу.
- **Танымдық қызығушылық:** жаңа білімге құштарлық, өздігінен ізденіс жасау, көп сұрақ қою.

- **Жауапкершілік пен табандылық:** бастаған істі соңына дейін жеткізу, өзіндік мақсат қою.
- **Коммуникативтік және көшбасшылық қасиеттер:** пікірін еркін жеткізе алу, топ ішінде белсенділік таныту.
- **Эмоциялық тұрақтылық:** сын мен жеңілісті дұрыс қабылдай білу, өзін-өзі реттеу дағдыларының қалыптасуы.

Осы көрсеткіштерді байқау үшін мұғалім сабақтағы және сыныптан тыс іс-шаралардағы оқушының мінез-құлқын, белсенділігін, тапсырмаларды орындау тәсілін бақылауы қажет.

Шешімі: Пән мұғалімдері дарындылықты дамыту мақсатында SWOD талдау әдістен қолдансын.

Жауапты: Пән мұғалімдері

Мерзімі : Қыркүйек қазан

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:



Н.М.Сулекина

Ізбасар А.Ш.